

2025 жылдың 24-25 сәуір аралығында Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің Жаратылыстану жоғары мектебі «B010 – Физика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер арасында XVII Республикалық пәндік олимпиада өткізді. Олимпиадаға Қазақстанның әр өңірінен келген 12 команда қатысып, өз білімдерін сынға салды.

Байқау екі кезеңнен тұрды:

I тур – теориялық,

II тур – эксперименттік.

Аталған олимпиадаға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Физика және техникалық пәндер кафедрасының ғылыми мектебінің «6B01502 – Физика пәні мұғалімі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер қатысып, жоғары нәтиже көрсетті. 4-курс студенті Тойжигит Нұржас Болатбекұлы жүлделі III орын иеленсе, Галимов Бектөре Рашидұлы мен Жексенов Мансур Ринатұлы олимпиадаға қатысқаны үшін арнайы сертификаттармен марапатталды.

Олимпиадаға қатысқан барлық студенттерімізді және жетекшісі – магистр, сеньор-лектор Салыкбаева Жадыра Қазымқызын шын жүректен құттықтаймыз! Ғылыми мектеп студенттеріне алдағы уақытта да білім мен ғылым биігінен көріне беруді



тілейміз!





**MARGULAN
UNIVERSITY**



**Қазақстан Республикасы
жоғары оқу орындарының
«B010-ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІН
ДАЯРЛАУ» білім беру
бағдарламалары бойынша оқитын
студенттер арасында өткізілген
XVII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК
ОЛИМПИАДАСЫ**





MARGULAN
UNIVERSITY

MARGULAN
UNIVERSITY

Қазақстан Республикасы
жоғары оқу орындарының
«B010-ФИЗИКА МҰҒАЛІМДЕРІН
ДАЯРЛАУ» білім беру
бағдарламалары бойынша оқитын
студенттер арасында өткізілген
XVII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК
ОЛИМПИАДАСЫ

24 сәуір

2025 жыл

